

# Ж.Аймауытұлы атындағы негізгі орта мектебі

## ҚАРАСТЫРЫЛДІ

Әдістемелік бірлестік  
Отырысы  
Хаттама № 1  
« 29 » 08 2024 жыл  
Бахыт Н. Бахыт Н.

## КЕЛІСІЛДІ

директордың оқу ісі  
жөніндегі орынбаары  
Абенова Н.К  
« 02 » 09 2024 жыл

«Ж.Аймауытұлы атындағы  
негізгі орта мектебі» КММ  
директоры  
А.Ж.Аманжолбетова  
« 02 » 09 2024 жыл



«Көркем жазу»

курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

(2 сынып, сағат саны 34)

Құрастырған:

Бастауыш сынып мұғалімі:

Доскеева Ж.



Қарағанды облысы Нұра ауданы  
Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы  
негізгі орта мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі  
Доскеева Жамияның  
**«Көркем жазу»**  
атты курсына

### Пікір

«Көркем жазу» тандау пәнінің негізгі мақсаты қазақ тілі сабақтарындағы алған білімдерін одан әрі шыңдау. Балаға хат таныту, әріп таңбаларын әдемі көркем етіп салуға жаттықтыру, жазу мен оқуды үйрету. Сабақ үстінде оқушылардың негізгі білім, дағдыларын қалыптастыру болса, ауызша айтқандарын діптерге каллиграфия ережелерін сақтап, жазу қиын да, маңызды да қағидалардың бірі болып табылады. Оқушылардың каллиграфиясын қалыптастыруда бұл піннің рөлі ерекше. Сондай ақ жоспарда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын жұмыс түрлері бар. Сонымен қатар оқушылардың ой өрісі мен дүниетанымын кеңейтуге өз ықпалын тигізеді. Көркем жазу оқушыларды сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді, сөздік қорын көбейтіп, сөйлеу тілін жетілдіреді.

**Бағдарлама жаңартылған білім беру мазмұнының басты қағидаты - спиральділік негізінде құрылды, оның негізгі ерекшелігі:**

- оқушы мектептегі оқу үдерісінің барлық кезеңінде тақырыпты немесе тапсырмаларды бірнеше рет қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе тапсырманың күрделілігі арта түседі;
- жаңа тақырыпты өту алдыңғы тақырыптармен тығыз байланысты және алдыңғы алынған ақпараттың мазмұны аясында қарастырылады.

**Бағдарламаның негізгі басымдықтары:**

- оқушы қайталап оқыған сайын ақпарат бекітіліп отырады;
- жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- оқушыларға бұрын алған білімін оқу мақсатына жетуде жетістіктерге қол жеткізу үшін қолдану ұсынылады.

**Сонымен қатар, бағдарлама:**

- оқушылардың білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктерін дамыту талаптарына сәйкес;
  - оқушылардың жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай әзірленген;
- Сол себепті автор бастауыш сынып мұғалімі Доскеева Жамиля жетекшілігімен жүргізілген «Көркем жазу» атты қосымша курс бағдарламасы оқушылардың тұлғалық ерекшелігін қалыптастырады.

**Пікір білдіруші:**

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебінің  
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Абсатова Данагуль Абаевна



**Авторы:**

«Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы негізгі орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі  
Дөскеева Ж.

**Пікір жазушы:**

Абсатова Данагуль Абаевна «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі» Ресурстық орталағының  
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

*педагог-модельер*

Бахыт Нүрия Ерсенқызы

«Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы негізгі орта мектебі» КММ-нің әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама 1 28 08 2024 жыл

Хатшы *[signature]*



## **Түсінік хат.**

Қазақстан Республикасының дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі , қоғам дамуындағы жаңа бағыттар еліміздің болашағы, бүгінгі мектеп оқушыларын оқытуға жаңа міндеттер қойып отыр. Мұның өзі әрбір мұғалімнен оқу үрдісін қайта қарауды , сонымен қатар қалыптасқан әдістер мен технологияларды жаңа өмір талабына сай өзгертілген түрлерімен ұтымды ұштастыруды қажет етеді .Жаңа үрдістерді әр сабақтың мақсат- міндетіне сәйкес тиімді қолдану мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты .

Сауатты және көркем жазу оқушыларды нақтылыққа баулиды. Оқушы қабілетінің ерекшелігіне, психологиялық жағдайына жазу тікелей байланысты. «Көркем жазуды» оқытудың басты мақсаты – оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазу, сөздерден сөйлем құрастыра білу, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

«Көркем жазу» дәптері 34 сабаққа негізделіп жасалынған, 5 бөлімнен тұрады . Әр сабаққа тақырыптың деңгейіне қарай 4-5 жаттығудан берілген.

**Бірінші жаттығуда** – үлгідегі әріп элементтерін және сөздерді көркем жазуға негізделген.

Бұл тапсырманы оқушы өз бетімен орындайды.

**Екінші жаттығуда** – өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды жаттай отырып, қатесіз әрі көркем етіп көшіруге негізделген.

**Үшінші жаттығуда** – Сауатты, көркем етіп көшіріп жазуға ынталандыру мақсатында ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастыру, сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөліп жазу жаттығулары ұсынылған.

**Төртінші, бесінші жаттығуларда** – оқушының шығармашылық қабілетін ашуға, танымдық ойлау шеберлігін шыңдауға бағытталған. «Венн диаграммасы», «Топтастыру», «Ішіне-сыртына», «5 минуттық эссе жазу» әдіс-тәсілдері, сонымен қатар «Сөз терім», «Оқиық, ойланайық» ойындары, ой әсемдігін мәнерлі жазбаша тілде жеткізуге, қысқаша мәтін құруға, сурет бойынша әңгіме жазуға негізделген.

Жыл аяғында оқушылар көркем жазуды, қатесіз көшіріп жазуды сапалы және нақты орындауға үйренеді.

### **Оқу пәнінің мақсаты :**

Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын, әдеби сауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

### **Міндеттері :**

1. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл –ойының дамуына, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндіктерін туғызу .
- 2 .Зерделеу, есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту. Өзіне деген сенімін арттыру.
3. Оқушыны белгілі бір тақырып көлемінде ой жүйесін құруға, образға ену, топпен талқылауға бағыттау.
- 4.Әріптерді қосып, буын, сөз жазу машықтарын жетілдіріп, жазу жаттығуларын ұдайы жүргізу .
5. Жеке сөздерді,сөйлемдерді қатесіз көшіруге және айтылуы емес жазылуы бойынша дұрыс жазуға машықтандыру